

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Қарағанды “Болашақ” академиясы”
Фармация факультеті

ҚҰНДЫЛЫҚ. ЖҰМЫСҚА
ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ. ЖҰМЫСҚА

ӘУЕСТЕНУШІЛІК.

Орындаған: ФМ-12-2 топ студенті
Серікбай А.Ш.

Тексерген: аға оқытушы Темиреева К.С.

Жоспар:

- Құндылықтың мағынасы
- Жұмысқа қанағаттанушылық
- Жұмысқа әуестенушілік
- Қолданылған әдебиеттер



- Жұмыс ұжымы- жұмыстың әдісіне, әлеуметтік-психологиялық процессіне, ауқымына, құрылысына, функциясына, даму дәрежесіне, сатысы және белгілеріне негізделген.
- Фармацевтикалық ұйымның еңбек ұжымы – бұл халыққа фармацевтикалық көмекті көрсету үшін бірлескен еңбек қыматті жүзеге асыратын қызметкерлердің бірігуі.
- Бірлескен еңбек қызметі маңызды белгілердің бірі болып табылады. Оның қатарына: ортақ мақсаттар, ұжымдық қызығушылық, бірлік, экономикалық және ұжымның мүшелері, ынтымақтастық, ортақ әлеуметтік-психологиялық және демократизмнің негізінде өзара көмек, басқару және тәртіп, дамудың динамикалылығы кіреді.



- Құндылықтар адамның тұлғалығының негізін құрайтын болады: олар уақытқа тұрақты және көп емес. Осыдан бұрын құндылықтар адамның коллективтегі әрекетіне емес, ол қабылдайтын шешімдерге әсерін беретін болады.

- Жалпы Фармацевтің құндылығы неден бастау алады?
- Науқас жандарға көмек көрсету, фармацевт ретінде үлкен жауапкершілік. Өзіне қандай іс артылып отырғанын, әрдайым сау болғысы келетін жандар үшін де көмектесу әрбір дәріхана қызметкері терең түсіне білуі тиіс. Себебі, күнделікті қызметімізге жұртшылықтың сеніммен қарауы қаншалықты маңызды екенін біз жақсы түсінеміз.

- Көптеген жылдар бойы келе жатқан тұлғалдардың жеке және кәсіби ұстанымдарының арқасында қалыптасқан этикалық құндылықтар жүйесі жатыр. Дәріхана ішінде және одан тысқары орындарда - бұл құндылықтар әрқашан орындалуы тиіс. Құндылықтың бастауы:
- **Құрмет.** Адам бәрінен маңызды. Қызметкерлермен және де өнімді тұтынушылармен(науқастармен), серіктестермен, қарым- қатынас жасауда құрмет көрсету қағидаларын ұстана отырып, адамдарға және жұмысқа үлкен құрметпен қарау сыйлау болып табылады.. Қызметкерлердің абыройына және олардың әралуандығына құрметпен қарайтын, этикаға қайшы жүріс-тұрысқа және кемсітушілікке жол бермейтін жұмыс ортасын құру. Қызметкерлердің дамуына, сондай-ақ, олардың кәсіби және жеке ниет-талаптарын жүзеге асыруға жағдай жасайтын жұмыс орнын құру. Қызметкерлердің және жай науқас адамдардың жеке өмірін сыйлау құрметтіліктің белгісі.

Адалдық.

- Қызмет жүргізіп отырған әрбір елдегі қызметкерлер сол елдің заңнамаларын сақтап, сәйкесінше әрекет етуі қажет. Сонымен қатар, тағы бір құндылық негізі адалдық түсінігі көпшілік арасында қабылданған этика нормалары мен қағидаттарын ұстана отырып, этика нормаларына сай әрекет етуді білдіреді. Бұл нарық ортасында жасайтын қарым-қатынастардан және бәсекелестік жасауда қолданатын әдістерден, сонымен қатар, өнімдерді ілгерілету және жарнамалау кезінде адал әрі шыншыл тәсілдерді қолданаудан көрініс табады.

Жауапкершілік.

- Барлығымыз өз жұмыс орнымызда және атқаратын тапсырмаларымыз үшін жауапкершілікті сезінеміз. Өзімізге тапсырылған міндеттерді іждағатпен, жан-тәнімен беріле атқарамыз. Компанияның мүлкін қорғап, оны үлкен қауіп-қатерге тікпейміз. Міндеттерді орындау және коммерциялық құпияны сақтаудың арқасында біз сенім артуға лайықты компанияны құрамыз. Өнімдеріміздің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз бар күшімізді саламыз. Өндіретін өнімдерімізді, әсіресе адам өмірін аман алып қалуға көмектесетін дәрілік заттарды әрдайым қолжетімді ету үшін үлкен жауапкершілік сезінеміз.

Ниеттестік.

- Көмекке мұқтаж жандарға және науқас адамдарға қол ұшын беру. Фармацевтикалық нарықтың жоғары сапасына сай болу үшін терапиялық амалдарды әрқашан жетілдіріп отыруға ұмтылу. Басқа адамдарға деген ниеттестік бұл жұмыстың іргетасы болып табылады.

Ынтымақтастық

- Барлық қызметкерлерінің және ұйымдық бірліктерінің білімдері мен сан алуан құзыреттеріне негізделген топтық жұмысты жоғары бағалау. Тәжірибеге сүйене отырып, компанияның қамын ойлау, сонымен бірге, инновациялық қызмет тірегі болып табылатын тың идеяларға да ізденіс жасау. Ашық қарым-қатынас пен диалогқа үлкен ден қою. Мақсаты - серіктестік қарым- қатынасқа және өзара түсіністікке қол жеткізу. Жоспарларды жүзеге асыруда бір-біріне қолдау көрсете отырып, ортақ мақсаттарға жетуге ұмтылу. Нарықта табысқа жету адамдардың, командалардың және оның барлық субъектілерінің өзара әрекеттесуіне тікелей тәуелді. Сонымен қатар, бұл іскерлік және әлеуметтік серіктестермен өзара тиімді байланыстарды қалыптастыруға жағдай жасайды.

- «Жұмыспен қанағаттанушылық» термині индивидтің өз жұмысына деген қатысушылығын анықтайтын болады. Осылайша, жұмысына деген жоғары негізі бар адам өз жұмысына позитивті түрде қарайтын болады. Себебі әрекеттерді оқу үшін қанағаттанушылық жоғары орынға ие болып табылады.

- Жұмыспен қанағаттанушылықты анықтау үшін екі тәсілді қолданатын болады- біріншісі жекеше бір аспектілерді қарастыру арқылы. Осы тәсіл жұмыскерлердің ойын «Сіз жұмыспен барлық көзқарастар негізінде қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа жауап беру болып табылады.
- Екінші тәсіл едәуір жинақталған.
- Негізгі факторлар бұл жерде жұмыстағы элементтер болып табылады, олар басшылықтың қатынасына қарай негізделген.

Қанағаттанушылық және абсентеизм.

- Айқын абсентеизмді анықтау оңай. Қызметкер жұмысқа кешігіп келеді, сұранып ертерек қайтып кетеді, түскі асты берілген уақыттан ұзақ ішеді, жұмыстан жиі сұранады, денсаулығының немесе мазасының жоқтығына жиі сүйенеді. Мұндай адамдар өте көп кездеседі. Абсентеизмнің бұл түрі оңай анықталады және басшы қызметкерге қатысты шара қолданып, абсентеизмді тыя алады. Ал жасырын абсентеизмге келгенде жағдай қиындай түседі. Қызметкер жұмысқа уақтылы келеді, белсенді жұмыс істеп жатқан адамның кейпін танытады, бірақ шын мәнісінде жұмыс процесіне қатты ат салыспайды. Әріптестерімен қызмет бойынша сөйлеспей, жақын таныстарымен жеке мәселе бойынша әңгімелеседі, әр сағат сайын темекі шегуге немесе телефонмен сөйлесуге шығып тұрады.

- Жұмысқа әуестенушілік адам өзі психологиялық түрде негіздейтін қасиеттерді жасайтын болады.
- Жұмысқа әуестенушіліктің бірнеше аспектілері қатысты болады. Біріншіден, ол адамның өмірінде қаншалықты орын алатындығы. Екіншіден, осы жұмыс адамды қаншалықты қызықтыратыны. Үшіншіден, адам осы жұмыспен өзін қаншалықты деңгейде негіздеп қарастыратыны маңызды.
- Көптеген зерттеулер процесінде адамның жұмыспен әуестенушілігі және абсентизм арасында тығыз қатынас орнатылған болатын.

Қолданылған әдебиеттер:

- Багирова В,Л Управление и экономика фармации- Москва, медицина 2004г
- Лоскутова Е,Е Управление и экономика фармации: раздел менеджмент маркетинг,4-том Москва
- Мескон М,Х ,Альберт М, Хедоури Ф. Основы менеджмента. Перевод с англ- Москва : Дело,2001
- Шейн Э. Организационная культура и лидерство Питер,2002, с14